



Саран қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың сызбасы мен тәртібін бекіту туралы

Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 19 ақпандагы № 07/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 наурызда № 3723 болып тіркелді


"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабының, 3 - тармағының, 3-1) тармақшасына сәйкес, Саран қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Саран қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың сызбасы осы қаулының 1, 2 -қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Қоса беріліп отырған Саран қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелиген күннен күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

A. Шкарупа


Саран қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 19 ақпан
№ 07/01 қаулысына 1 қосымша

"Саран қаласы әкімдігінің № 2 жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 106 және Малая Саран кенттерінде тұратын балаларды тасымалдау сызбасы



Саран қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 19 ақпан
№ 07/01 қаулысына 2 қосымша

"Саран қаласы әкімдігінің № 7 жалпы білім беретін мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Соқыр станциясында тұратын балаларды тасымалдау сызбасы



Саран қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 2016 жылғы 19 ақпан
№ 07/01 қаулысымен
бекітілген

Саран қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Саран қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі "Қазақстан Республикасындағы

жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занының 31-бабына және "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Занының 14 - бабына сәйкес қарастырылған.

Балаларды тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген талаптарға сәйкес, отыру үшін әр балаға жеке орын бере отырып жабдықталған автобустармен, микроавтобустармен жүзеге асырылады.

2. Автобустарда жол жүргүре мынадай балаларға және ересек еріп жүрушілерге рұқсат етілмейді:

- 1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын, толқыған жай-күйінде;
- 2) алкоголь, есірткі, психотропты және улағыш заттардың әсері болғанда.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

3. Балаларды 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) тасымалдауға жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

4. Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

5. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтында жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Аландарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қаранды мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

6. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға Тапсырыс беруші балаларды отырғызыу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты тұрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

7. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалыс шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуі кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде

хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

8. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сиынп оқушыларын белгілеуге жол беріледі).

9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік қуралдарын пайдалануға жауапты адам жүргізеді.

10. Балаларды тәуліктің қаранды мезгілінде тасымалдаған жағдайда фаралардың жақын немесе алыс жарығымен қоса тұманға қарсы фаралар пайдаланылуы мүмкін.

11. Балаларды тасымалдаған кезде жүргізуши:

1) автобус қозғалысының белгіленген маршрутынан ауытқымауға және белгіленген жылдамдық режимдерін бұзбайды;

2) қозғалыс барысында автобусты басқарудан алаңдамайды (сөйлеспейді, тамақ ішпейді, кабинада қатты музика қоймайды);

3) тасуға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және материалдарды автобуста алып жүрмейді;

4) топырақ жолдарға шығып кетпейді және олармен жүрмейді (балаларды ауылшаруашылық жұмыстарына және демалыс орындарына, сондай-ақ жолды жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу кезінде тасымалдаған жағдайдан басқа).

12. Автобустың қозғалысы барысында еріп жүрушілер автобустың әрбір есігінің жанында орналасуы тиіс. Егер автобуста бір еріп жүруші болса, ол автобустың алдыңғы есігінің жанында орналасуы тиіс.

13. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

1) салонда тұруына және жүруіне;

2) есіктер мен терезелерге жантауына;

3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;

4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;

5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;

6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;

7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушінің көлік қуралын басқарудан алаңдатуына;

8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;

9) есіктерді ашуына;

10) төбелесуіне, итерисуіне, қымыл ойындарын ойнауға;

- 11) шылым шегуге, сіріңке, оттық жағуға;
 - 12) спирттік ішімдіктерді ішуіне, есірткі, психотропты және улы заттарды қабылдаудына жол бермейді.
14. Еріп жүрушілер мыналарды қамтамасыз етеді:
- 1) барлық оқушылардың қозғалыс, аялдау, тамақтану, тұнеу кезінде жеке гигиена ережелерін сақтау;
 - 2) әрбір топта дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге қажетті дәрігерлік және тану құралдарының жиынтығымен жабдықталған медициналық дәрі қобдишасы болуын;
 - 3) балалардың хал-жағдайын әрдайым қадағалаудың, қажет болған жағдайда ауырғандар мен жаракаттанғандарға дәрігерге дейінгі көмек көрсетуін.
15. Бүкіл маршрут бойы балалар автобусқа алғашқы отырғызу кезінде оларға бөлінген орындарды алады. Автобустың қозғалыс барысында және аялдамадан (тұрақтан) кейін еріп жүрушінің рұқсатынсыз орыннан орынға отырғызуға тыйым салынады.
16. Автобус салонындағы терезелер (желдеткіштер) жабық болады. Салонды желдету қажет болған жағдайда және тек еріп жүрушінің рұқсатымен ғана төбедегі желдету люктері ашылады.
17. Тасымалданатын балалардың қалыпты жағдайы мен денсаулығын қамтамасыз етуге байланысты қажеттілік болған кезде автобустың жүргізушісі еріп жүрушінің нұсқауымен жол жүру барысында жоспарланбаған аялдамалар жасайды.
- Аялдама және тұрақ орындарын таңдағанда жүргізуші Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуы тиіс.
- Тәуліктің қараңғы мезгілінде, сондай-ақ жеткіліксіз көру жағдайында аялдама (тұрақтау) жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы жарық құралдарын пайдаланған жөн.
18. Еріп жүрушілер қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігі, топтың артында қалып қоюына жол берілмейтіндігі және егер бала қалып қойған жағдайда іс-қимыл тәртібі туралы балаларға ескерте отырып, әрбір аялдаманың алдында тұрақтау уақытын хабарлайды.
19. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есіктер арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүрушілер шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүрушілер: біреуі – автобустың алдыңғы бөлігінде, екіншісі – автобустың артында тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауды бақылау қажет.
- Балалар автобусқа оралғаннан кейін еріп жүрушілер балалардың өз орындарында орналасқандығына көз жеткізеді, содан кейін ғана жүргізушіге сапарды жалғастыру мүмкіндігі туралы хабарлайды.
20. Маршрут бойынша автобустың қозғалысы мына жағдайларда тоқтатылады:
- 1) автобуста Жол жүру ережесіне сәйкес қозғалыс немесе оларды пайдалану тыйым

салынған техникалық ақаулар пайда болғанда;

2) тасымалдаудың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жол-метеорологиялық жағдайлар өзгергенде және өзге де жағдайларда (көк тайғақ, тұман, жолдардың бұзылуы, жүретін жолдың маңында авариялар болу);

3) жол жүргенде бала жарақат алғанда, кенеттен ауырғанда, қан кеткенде, талғанда;

4) жүргізуінің хал-жағдайы нашарлағанда.

21. Техникалық ақауға байланысты автобусты мәжбүрлі тоқтатқан кезде жүргізуі және еріп жүрушілер Қазақстан Республикасының заңнамасын негізге алады.

22. Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жүргізуі және еріп жүрушілер көлік құралынан балаларды олардың жеке заттарын шығармай жедел эвакуациялау қажет.

23. Көлік құралында өрт пайда болған жағдайда еріп жүрушілер:

1) өрт жөнінде жүргізуігे белгі беруге;

2) көлік құралы тоқтағанға дейін балаларды өрт көзінен мүмкіндігінше алысырақ апаруға және оны салонда бар өрт сөндіргішпен және қол астындағы заттармен сөндіруге кірісуге;

3) тоқтағаннан кейін балаларды және барлық жолаушыларды көлік құралы жарылған кезде жарақаттарды болғызбайтын қауіпсіз қашықтыққа жеке заттарсыз жедел шығаруға міндетті.

24. Жол-көлік оқиғасы және өрт кезінде балаларды көлік құралынан эвакуациялағаннан кейін еріп жүрушілер және жүргізуі:

1) зардап шеккендерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсетеді және оларды жақын орналасқан дәрігерлік мекемеге жеткізеді;

2) жол-көлік оқиғасы немесе өрт орнына ӘПК-нің және егер қажет болса "жедел көмек" қызметкерлерін, құтқарушыларды, өртке қарсы қызметтің мамандарын шақыру шараларын қабылдауға;

3) зардап шекпеген балаларды олардың қауіпсіздігіне қауіп төнбейтін орынға жинап, оларды тыныштандыруға, қажет болған жағдайда денсаулығы әлсіреген, жүрек-тамыр және асқынуы стреске әкеп соғуы мүмкін өзге де аурулары бар балалардың дәрігер белгіленген дәрілерді қабылдауын қамтамасыз етуге;

4) өртті сөндіруді аяқтағаннан кейін, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы орнында қауіп болмаған кезде ӘПК-нің қызметкерлерінің келісімі бойынша топ жетекшілерінің және ересек еріп жүрушілердің күшімен мүмкіндігінше балаларды тартпай жеке заттарды жинап, оларды балаларға беруге;

5) балаларды онан әрі тасымалдау мүмкіндіктерін және маршрутын анықтауға;

6) қажет болғанда орынға келіп жеткен ӘПК-нің қызметкерлеріне балаларды тасымалдауды ұйымдастыруға көмек көрсету туралы өтініш жасауға;

7) телефон арқылы оқиға және балалардың хал-жағдайы туралы тапсырыс берушінің әкімшілігіне хабарлайды, оның көмегімен медициналық мекемелерге жіберілген балалардың занды өкілдеріне олардың орналасқан жері және хал-жағдайы

туралы, сондай-ақ зардап шекпеген балалардың занды өкілдеріне олардың орналасқан жері және топтың онан әрі жұру маршруты туралы жедел хабарлауын қамтамасыз етуге тиіс.

25. Балалардың тасымалдауын орындаған кезде автобустың жүргізушісі маршруттың соңғы пунктіне келген бойдан ол туралы тасымалдаушыға хабарлауға тиіс

3. Қорытынды ережелер

26. Ауданың шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК